

**Жамбыл нотариаттық
Округы нотариустарына**

ӨТЕ ШҰҒЫЛ!!

Тараз қаласы прокуратурасының 05.03.2024 ж. № 2-07-24-01594 тапсырмасына сәйкес аталған сұраныстың көшірмесі Сіздерге орындау үшін жолданады.

2023 жылы және 2024 жылдың өткен мерзімінде коммуналдық мемлекеттік мекемелер, қалалық әкімдігіне қарасты барлық бөлімдер, кәсіпорындарынан (сонымен қатар «Жасыл-Ел» ЖШС-і, «Жамбыл-Су» ЖШС-і, «Таразэнергоорталық» АҚ-ы, «Таразтрансэнерго» КМК-ы) қаражат сомаларды өндіріп алу туралы атқарушылық жазбаларын жасау бойынша мәліметтерді **шұғыл түрде 2024 ж. 11 наурыз күні сағат 17-00-ден** кешіктірмей нотариаттық палатаға жіберулеріңізді сұраймыз.

Қосымша: 2 бетте.

**Жамбыл облыстық
нотариаттық палата
төрайымы**

Сыргабаева Л.К.

Ж. Әлжанова
543555



080000, Жамбыл облысы,
Тараз қаласы, Көйгелді көшесі, №78
тел.: 8 (7262) 43-06-60, кеңсе/факс: 8 (7262) 43-18-32
www.zhmb.prokuror.kz

080000, Жамбылская область,
город Тараз, улица Койгелды, №78
тел.: 8 (7262) 43-06-60, канц/факс: 8 (7262) 43-18-32
www.zhmb.prokuror.kz

05.03.2024 № 2-07-24-01594

Жамбыл облысының
әділет департаменті

Жамбыл облыстық
нотариаттық
палатасы

Қала прокуратурасы жергілікті атқарушы органдардың бюджет, мемлекеттік сатып алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың сақталуына талдау жүргізуде.

Сіздің 29.02.2024 жылғы хатыңызда атқарушылық жазба жасау бойынша мәліметтер Нотариаттық палатада сақталмағаны туралы хабарланған.

Алайда «Нотариат туралы» Заңның 27-бабы 1-тармағының 11)-тармақшасына сәйкес нотариаттық палата жасалған нотариаттық әрекеттерді есепке алуды жүргізеді.


ҚР «Прокуратура туралы» Конституциялық Заңының 26-бабының 2-тармағына сәйкес прокурордың жүргізілетін заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, қаралатын жолданымдар және өзінің өзге де өкілеттіктерін жүзеге асыру шеңберіндегі талаптары мен сұрау салулары жеке және заңды тұлғалардың, оның ішінде мемлекеттік органдардың, мекемелердің, меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың, олардың лауазымды адамдарының орындауы үшін міндетті.

Прокурордың заңды талаптарын орындамау не прокурордың талап етуі бойынша дәлелсіз себептермен келмей қалу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа алып келеді.

Прокурордың, тергеушінің, анықтаушының заңда белгіленген негіздерде және тәртіппен қойған талаптарын орындамау үшін ҚР ӘҚБтК-тің 665-бабының 1-бөлігімен әкімшілік жауаптылық көзделген.

Жамбыл облыстық нотариаттық палатасы Жарғысының 3.3 тармағына сәйкес Нотариаттық палата Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға және заңнамаға сәйкес жауапкершілікте болуға міндетті.

Осыған байланысты ҚР «Прокуратура туралы» Конституциялық Заңының 10,26-баптарын басшылыққа алып, 2023 жылы және 2024 жылдың өткен мерзімінде коммуналдық мемлекеттік ұйымдар, мекемелер, қалалық әкімдігіне



қарасты барлық бөлімдер, кәсіпорындарынан (сонымен қатар «Жасыл-Ел» ЖШС-і, «Жамбыл-Су» ЖШС-і, «Таразэнергоорталық» АҚ-ы, «Таразтрансэнерго» КМК-ы) қаражат сомаларды өндіріп алу туралы атқарушылық жазбаларын жасау бойынша мәліметтерді қала прокуратурасына 2024 жылы 12 наурызға дейін беруіңізді сұраймын (қай нотариуспен аталған санаттағы қанша атқарушылық жазбалар жасалған).

Сонымен бірге оған қатысты толық құжаттардың көшірмелерін қала прокуратурасына жолдауын қамтамасыз етуіңізді сұраймын (7261112@prokuror.kz электрондық мекенжайға қайталай отырып).

Бірінші мекенжайға осы сұраудың орындалуын бақылуға алу үшін.

Қала прокурорының
орынбасары

Д.Асқар

Орынд. А. Далешова.

тел. 87777343333

эл. пошта 7261112@prokuror.kz